

Дінтанушы ғалымдар белгілі бір қоғамдағы, дамыған мәдениеттердегі және өміріміздің басқа да көптеген салаларындағы діннің орнын объективті түрде бағалайды. Өртүрлі конфессияларды білу жанжалды жағдайлардың алдын алуға және шешуге мүмкіндік береді.

Түрлі дінді ұстанушылар арасында бірқалыпты дамымайтын қарым-қатынасты нығайту үшін қажетті діни білім мен тәжірибенің болуы қажет.

Дінтанушы мамандар зерттеу жүргізеді, аналитикалық ғылыми мақалалар жазады, дәрістер мен семинарлар өткізеді, мемлекеттік қызметкерлерге кеңес береді. Дінтанушы қазіргі әлемдегі діни ахуалды жетік білу, талдау жасап, болашаққа өз болжамын айта білуі керек.

Ең алдымен, әрине, бұл мамандық мектептердегі қарапайым сабақ беруден бастап беделді халықаралық ұйымдарда, түрлі мемлекеттік органдар мен министрліктерде жұмыс істеуге дейінгі қызмет саласы өте нақты салаларды қамтитын мамандарды дайындайтынын айту керек. Бұл кәсіптің мұндай өзектілігі исламның таралуымен және онымен байланысты білімнің, дұрыс ақпараттың және осы салада қажетті сандағы беделді мамандардың және өртүрлі исламдық ағымдардың болмауынан туындаған. Елімізде «исламдық» деген радикализм мен экстремизмге қарсы тұра алатын, одан да маңыздысы теріс ислам идеологиясының таралуына тосқауыл қоя алатын мамандарды тәрбиелеу маңызды. Діни радикализмді диалог арқылы ғана түзетуге болады. Расында да, идеологияны идеология ғана жеңеді. Мемлекетіміз осы бағытта бағыт алған сияқты. Ал ислам ғылымын меңгергісі келетіндердің барлығына жағымды жаңалық, мемлекет 2018 жылы исламтану мамандығына 250-ге жуық грант бөлді және оның үлесі ҚазҰУ-ға тиесілі.

Оқу пәндеріне келетін болсақ, бакалавриат бағдарламасында көптеген пәндер оқытылады: араб тілі, тәжуид, зекет және қажылық, Құран ғылымдары, ислам шарифаты тарихы, халифат тарихы, хадис терминологиясы, усул-фикх, ғибадат фикһі (ибадат) т.б. Магистратурада олар исламның өртүрлі ғылымдарын тереңдетіп оқиды және мұның барлығын араб тілінде оқуға болады.

Мамандықта маңызды қасиеттер: жоғары интеллект, аналитикалық ойлау, табандылық, қоғаммен жұмыс істеуге бейімділік.

Дінтану мамандығының 2 курс магистранты: Разбекова Маржан

Ғылыми жетекшісі: Филос.ғ.д., профессор Борбасова К.М.

www.kaznu.kz